

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ӘУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 2012 ж. 06.06 заңды  
 № 248-1910-04-17 куәлік  
 Алғашқы тіркелген күні 2009 ж. 15.03  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЕЗОВСКОГО РАЙОНА  
 произведена государственная перерегистрация  
 юридического лица "14" 2019 г.  
 свидательство № 248-1910-04-17  
 Дата первичной регистрации «15.03.2009»  
 БСН/БИН 990340008394

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ӘУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 2012 ж. 11.10 заңды  
 № 248-1910-04-17 куәлік  
 Алғашқы тіркелген күні 2009 ж. 15.03  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЕЗОВСКОГО РАЙОНА  
 произведена государственная перерегистрация  
 юридического лица "14" 2019 г.  
 свидательство № 248-1910-04-17  
 Дата первичной регистрации «15.03.2009»  
 БСН/БИН 990340008394



Қазақстан Республикасы  
 Қаржы министрлігінің  
 Мемлекеттік мүлік және  
 жекешелендіру комитеті Төрағасының  
 2012 жылғы «29» наурыздағы  
 № 625 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар  
 министрлігі Өнеркәсіп комитетінің «Қазақстан Республикасының  
 минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық  
 орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік  
 республикалық кәсіпорынның  
**ЖАРҒЫСЫ**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ӘУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН  
 ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН БІТІЗІЛГЕН  
 № 2012 ж. 26.07 БҰЙРЫҒЫ  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЕЗОВСКОГО РАЙОНА  
 внесены изменения и дополнения  
 в учредительные документы  
 ПРИКАЗ № 26-07 2012 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ӘУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 ҚҰРЫЛТАЙ ҚҰЖАТТАРЫ ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРТУЛЕР  
 ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРЫМЕН ЗАҢДЫ  
 № 2015 ж. 20.11 БҰЙРЫҒЫ  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЕЗОВСКОГО РАЙОНА  
 учредительные документы действительны  
 с внесенными изменениями и дополнениями  
 ПРИКАЗ № 20-14 2015 г.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
 АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
 ӘУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
 2012 ж. 15.03 заңды  
 № 1575 куәлік  
 Алғашқы тіркелген күні 2009 ж. 15.03  
 МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
 ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
 УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЕЗОВСКОГО РАЙОНА  
 произведена государственная перерегистрация  
 юридического лица "14" 04 2019 г.  
 свидательство № 1575  
 Дата первичной регистрации «15.03.2009»  
 БСН/БИН 990340008394

## 1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне ведомстволық бағыныстағы бірқатар ұйымдарды қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 маусымдағы № 760 қаулысына сәйкес құрылды.

Кәсіпорын «Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Өнеркәсіп комитетінің «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы және «Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 511 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 15 наурыздағы № 315 қаулысына сәйкес оған «Д.А. Қонаев атындағы тау-кен істері институты», «Ж. Әбішев атындағы химия-металлургия институты», «Казмеханобр» мемлекеттік ғылыми-өндірістік өнеркәсіптік экология бірлестігі», «Шығыс түсті металдар ғылыми-зерттеу тау-кен металлургия институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік еншілес кәсіпорындары қосылып қайта ұйымдастырылды және тапсыру актісі арқылы олардың барлық құқықтары мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын республикалық мемлекеттік меншік құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

Мемлекеттік тілде:

толық - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Өнеркәсіп комитетінің «Қазақстан Республикасының минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу жөніндегі ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде:

толық - Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан» Комитета промышленности Министерства индустрии и новых технологий Республики Казахстан»;

қысқартылғаны «ҚР МШКҚӨ ҰО» РМК;

қысқартылғаны: - РГП «НЦ КПМС РК ».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 050036, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 67.

## 2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Республикалық мемлекеттік кәсіпорын Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алады.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

## 3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні ғылыми зерттеулер саласында қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары:

Геология саласындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу және сүйемелдеу, пайдалы қазбалардың, кара, түсті, сирек және асыл металдардың, уран, мұнай және газ, рудалы емес және химиялық шикізаттың кен орындарын игеру, тиімді қазып алу және ұтымды байыту, шикізатты түпкілікті жоғары тауарлық даяр өнімге дейін химия-

металлургиялық кешенді қайта өңдеу, тау-кен металлургия кешені, мұнайхимиялық өндіріс және уран қоршаған ортаға тигізетін зиянды техногендік әсерін барынша төмендету;

1) уран және басқа бөлінетін материалдар, сондай-ақ олардан жасалатын өнімдерді алу, тасымалдау, қайта өңдеу технологиялары мен жабдықтарын әзірлеу және көмуді қамтамасыз ету;

2) тау-кен металлургиялық және отын-энергетикалық кешендердің минералдық-шикізат базасын пайдалануды дамыту мен тиімділігін арттыруды және жер қойнауын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

3) еліміздің нарықтық экономика жағдайында бәсекеге қабілетті жоғары тауарлық даяр өнім шығарылуын қамтамасыз ететін минералдық ресурстарын кешенді пайдалану үшін ресурс және энергия жинақтаушы экологиялық таза технологиялар, өндірістер және жабдықтар жасау және іске асыру жолымен мемлекет үшін елеулі әлеуметтік-экономикалық маңызға ие тау-кен-металлургиялық және отын-энергетикалық кешендердің тұрақты жұмысын ғылыми-техникалық қамтамасыз ету;

4) республиканың экспорттық әлеуетін ұлғайтуда қатысу.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламаны жүзеге асыру шеңберінде республиканың кен-металлургия және мұнай кешендерінің мемлекеттік даму басымдығы бойынша әзірлемелерді жасауға қатысу; Кәсіпорында жасалған тиімділігі жоғары техника түрлерін, жаңа технологиялар мен материалдарды пайдалану мен игеру көлемі бойынша мемлекеттік басқару органдарына ұсыну;

2) ішінде уран кендері де бар пайдалы қазбаларды өндіру мен қайта өңдеу салаларында жер қойнауын тиімді және кешенді пайдалануды, кеншілердің еңбек жағдайының қолайлылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу; кен-металлургия (КМ) және отын-энергетика кешендерін (ОЭК) оңтайлы басқару мен жобалаудың тиімді үлгілерін әзірлеу;

3) белгіленген тәртіппен мақсаттық бағдарламалар, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың келешектілік және жылдық тақырыптық жоспарларын, өндіріске жаңа, жетілдірілген технологиялық үрдістерді, жабдықтар мен механикаландыру құралдарын енгізу жоспарларын әзірлеу;

4) мұнай-газ істері, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында геология, тау-кен істері, пайдалы қазбаларды байыту, металлургия, отын-энергетика кешендері, түсті, қара, сирек және асыл металл, бейметал шикізаттары кендерін кешенді қайта өңдеу салаларында энерго- және ресурс сақтаушы, экологиялық таза, аз қалдықты және қалдықсыз технологияларды дайындау және игеру; қолданыстағы технологиялық үрдістер, қондырғылар мен өндірістерді жетілдіру;

5) тау-кен геологиялық пәндері, мұнай-газ ісі, тау-кен және мұнай өңдеу кәсіпорындарын басқару мен экономикасы, және қазіргі геодезиялық технологиялар секторында, сондай-ақ өндірістің отын-энергетика және кен-металлургия кешендері салаларында қызметкерлерді оқыту және біліктілігін жетілдіру;

6) КМ және ОЭК нормативтік және ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету, соның ішінде нормативтік-құқықтық: кен-металлургия, отын-энергетика және мұнай-газ өндіру кешендерінде экологиялық және техникалық қауіпсіздік, жер қойнауын тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау, ұйымдардың мемлекеттік және мемлекетаралық стандарттары, техникалық жағдайлар, өлшеуді орындау әдістері, экологиялық жобалар бойынша құжаттамаларды әзірлеуге қатысу.

7) кен-металлургия және отын-энергетика кешендерінің кәсіпорындары үшін іздестіру жұмыстарын жүзеге асыру және технологиялық үрдістер мен қондырғыларды жобалау;

8) кен-металлургия кәсіпорындары, отандық және шетелдік технологиялар мен қондырғылар бойынша мәліметтер банкіні қалыптастыру, мини-зауыттар, тәжірибе-өндірістік телімдер құра отырып нақты жобаларды іріктеп алу және талдау;

9) ғылымды көп қажет ететін және импорт алмастырушы өндірістерді құру, импорт алмастырушы және экспортқа шығарылатын өнімдердің номенклатурасын кеңейту;

10) техногендік шикізаттарды жинау және оны қайта өңдеу;

11) Кәсіпорынның тәжірибе-эксперименталдық, өндірістік және әлеуметтік салаларының дамуын қамтамасыз ету, кенді, техногенді, баланстан тыс және қайталама металқұрамды шикізатты қайта өңдеу, сондай-ақ көмірсутекті шикізаттардан пайдалы компоненттерді алу мен өндіріс қалдықтарын кәдеге жарата отырып шикізатты кешенді пайдалануды, қалдықсыз және аз қалдықты экологиялық таза өндірістер құруды қамтамасыз ету;

12) КМ және ОЭК үшін тау-кен өндіру жұмыстары, көмір, көмірсутекті, кенді, техногенді, баланстан тыс және қайталама металы бар шикізатты және түсті металдар концентраттарын тиімді қайта өңдеу мен оңтайлы өндіруге арналған қондырғылар мен технологияларды әзірлеу және сату;

13) түсті металдардың концентраттары мен кендерді қайта өңдеу, көмір, көмірсутектерді кендерді қазбалау үшін аса тиімді, жаңа қондырғыларды әзірлеу, жобалау және сынақтан өткізу, сонымен қатар оларды өндіріске енгізуді қамтамасыз ету;

14) табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мақсатында түсті, қара, сирек және асыл металдар кендерін, бейметалды шикізатты кешенді қайта өңдеудің жоғары тиімділікті экологиялық қауіпсіз технологиясын, жаңа материалдарды, соның ішінде жоғары және аса таза материалдарды алу;

15) кен-металлургия және отын-энергетика кешендері салаларында республиканың әскери-өндірістік кешенінің жаңа технологияларының трансфертін қамтамасыз ету;

16) уран және басқа да бөлінетін материалдарды, сондай-ақ олардан жасалған бұйымдарды өндіру, тасымалдау, қайта өңдеу және көмуге арналған технологиялар мен қондырғыларды ғылыми-технологиялық, әдістемелік, аналитикалық қамтамасыз ету, әзірлемелерді дайындау және сату; пайдаланылған зымыран-ғарыштық техникалар мен материалдарды кәдеге жарату, босаған әскери-техникалық жабдықтарды қайта өңдеу; радиоактивті сәуле көздерін тасымалдау, көму, кәдеге жарату;

17) асыл, түсті, сирек және жерсиректі металдарды және олардың қосылыстарын, осы материалдардан бұйымдарды өндіру, осмий-және ренийқұрамды кендерді қайта өңдеу үшін технологиялар мен құрал-жабдықтарды әзірлеу, дайын өнімді өткізу, осмий- және ренийқұрамды кендерді қайта өңдеу;

18) химиялық өнеркәсіптер, тау-кен ісі, байыту, металлургия, мұнай, газ, жаңартылатын энергетика және дәрілік заттарды синтездеу металөнімдері өндіру салаларында ғылыми-зерттеулік, жобалық, жобалық-ізвестірушілік және жобалық-конструкторлық жұмыстар;

19) қала құрылыс құжаттарын жобалау және әзірлеу (бас жоспар, көлік және т.б.); инженерлік жүйелер мен торларды (энергиямен қамтамасыз ету, көлік және т.б.); жобаның арнаулы тараулары (қоршаған орта мен еңбекті қорғау және т.б.) мен технологиялық жобалау (карьерлер мен жер асты кеніштерін салу және қайта құру; жарылғыш заттар қолданылатын құрылыс жұмыстары; бас желдетіш және сутокпе қондырғыларын салу және қайтадан құру; кен, жыныстар және көмір террикондары мен үйінділерін салу және т.б.) және кен орындарын ашық және жер асты тәсілдерімен қазып алу; жобалау және техника-технологиялық құжаттарды сараптау;

20) тау-кен-металлургия кәсіпорындарының нысандары мен құрылыстарына, өнеркәсіптік кәсіпорындарды салуға және қайта жабдықтауға жобалар жасау, сондай-ақ өнеркәсіптік кәсіпорындарда қалдық шаруашылығын, су айналымы жүйелерін және тазарту қондырғыларын жобалау мен тау-кен байыту және өзге де жерқойнауын пайдалану кәсіпорындардың жобалық қуатын игеру; мұнай-газ, химия, уран өнеркәсібі кәсіпорындарын жобалау, соның ішінде қалдық қамбаларын рекультивациялау жобаларын жасау және инспекциялау, жобаларға және жобалық-сметалық құжаттамаларға сараптамалық баға беру;

21) тау-кен-металлургиялық және отын-энергетикалық кешендері кәсіпорындарына технологиялық, инжинирингтік, тау-кен-геологиялық және экологиялық аудиттер жүргізу және қатысу, жобалардың, технологиялар мен қондырғылардың ғылыми-техникалық, технологиялық және экологиялық сараптамасы, қысқа- және ұзақмерзімді болжамдық әзірлемелерді ұсыну;

22) техникалық құжаттамаларға сараптама жасау, жаңадан әзірленген, модернизацияланған және шетелдік металлургиялық қондырғыларды, бақылау-өлшеу аспаптарды сынау және сертификаттау;

23) тау-кен-металлургия кешендері кәсіпорындарын ақпараттандыру, автоматтандыру, куәліктендіру, сервистік, медициналық-емдеу және техникалық қызмет көрсету және олардың қызметтерін ұйымдастыру; тау-кен-металлургиялық және отын-энергетикалық кешендерінің өнімдерін стандарттау және сертификаттау; табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау саласында стандарттау, сертификаттау және метрологиялау үшін материалдар дайындау; түсті металлургия өнімдерін сертификаттауға сынақ жүргізу; метрологиялық қамтамасыз ету жөніндегі ведомстволық іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

24) тау-кен-металлургиялық және отын-энергетикалық кешендерде технологиялық үрдістер мен жаңа және қайта жаңартылған өндірістерді пайдалануға беру және дайындау мен әзірлеу бойынша мердігерлік жұмыстарды орындау; тау жыныстарының физикалық-механикалық қасиеттерін зерттеу және анықтау; топогеодезиялық және маркшейдерлік ізденістер;

25) химиялық өнімдердің қауіпсіздігі саласында ҚР заң талаптарына мәлімдеушімен (өндірушімен, жеткізушімен, импортпен) берілген химиялық өнімнің қауіпсіздік паспорты мазмұнының сәйкестігінің анықтаудан тұратын ақпарат негізінде химиялық өнімнің адам денсаулығы мен өміріне, қоршаған ортаға тәуекелдерді бағалауды тексеру;

26) Жер туралы ғылым, металлургия, химиялық технологиялар және тау-кен жұмыстарын қауіпсіз жүргізу салаларында жоғары білікті ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау мақсатында докторантуралар, магистратуралар ашу және машықтау жүйесі арқылы ғылыми қызметкерлердің жоғары оқу орыннан кейінгі кәсіби білім беру;

27) ғылыми-техникалық, білім беру және экономикалық қызмет салаларындағы халықаралық ынтымақтастық; соның ішінде кәдімгі, шөлдік, биік таулық және сейсмикалық қауіпті жағдайларда ТК және ОЭК мәселелерін шешу бойынша әлемдік тәжірибені зерттеу және қорытындылау; КМ және ОЭК оңтайлы дамуы үшін ғылым мен техниканың жетістіктерін насихаттау, халықаралық және республикалық съездер, сессиялар, конференциялар, семинарлар, мәжілістер, көрмелер ұйымдастыру және өткізу;

28) химия, тау-кен ісі, байыту, металлургия, мұнай, газ, дәрілік заттарды синтездеу саласында ғылымды көп қажет ететін өндірістерді құру және ұйымдастыру, сондай-ақ олардың өнімдерін сату;

29) бейінді қызметтер негіздемесі бойынша әдістемелік құралдар мен ұсыныстарды, ғылыми еңбектердің нәтижелерін ендіру мен әзірлеу;

30) ғылыми-зерттеу және сынақтық-конструкторлық жұмыстарының нәтижелерін өнеркәсіпке экономикалық айналымға ендіру мен авторлық және технологиялық қадағалау, қайтадан игерілетін кен орындарына минералды шикізаттың металлургиялық бағалығы жөнінде сараптау жүргізу және қорытынды беру;

31) кен-металлургия кешенінде технологиялық үрдістерге бақылау аспаптарын әзірлеу және өнеркәсіптік өндіріске енгізу;

32) ҚР заңнамаларымен шектелмеген экспорт-импорт операциясын (технология, қызмет, шикізат, материалдар, топтастыру, құрал-жабдықтар, қондырғылар, құралдар) жасау;

33) тау-кен-металлургиялық кешендерінің өнімдеріне мемлекет аралық және мемлекеттік стандарттар мен техникалық шарттардың жобаларын дайындау, ішкі салалық пайдаланымдардағы өнімдердің техникалық шарттарын, сондай-ақ химия өнеркәсібі мен тау-кен-металлургия кешендерінің жинақтаушы бұйымдары мен отын-шикізат материалдарын тіркеу;

34) ғылыми еңбектерді, аяқталған жұмыс қорытындыларын республикалық және шет ел басылымдарында мемлекеттік, орыс және басқа тілдерде жариялау;

35) ғылыми, ғылыми-техникалық және технологиялық құпиялық (конфиденциалды) ақпарат пен зияткерлік меншік нысандарының құқықтарын иелікке алу мен беру;

36) ғылыми-техникалық іс-әрекеттер нәтижелерін патенттік-құқықтық қорғауды және осы құқықтарды беруді жүргізу;

37) республикалық және шетелдік кәсіпорындардың технологиялық үрдістері мен құрал-жабдықтарын жетілдіруге және іске қосуға, игеруге, әзірлеуге техникалық көмек көрсету;

38) істеп тұрған өндірісті жаңғырту, улылығы жоғары реагенттерді алмастыру, шығарылымдарды (тастандыларды) азайту, қалдық түзілуін төмендету, сумен қамтамасыз етудің айналым жүйесін енгізу және қоршаған ортаның ластану өтемақысы жүйесін оңтайландыру арқылы тау-кен металлургиялық кешені кәсіпорындарының қоршаған ортаға әсерін төмендету;

39) қоршаған ортаны мониторингтау құралдары, қазіргі технологиялардың автоматтандырылған үрдістер негізінде (базасында) стандартты емес ауа- және су тазартқыш қондырғыларын жасау және сату;

40) пайдалы қазбаларды қазбалау технологиясы теориясын жасау және түсті, қара, сирек металды, отын, құрылыс және уран кенорындарын қоса алғанда кен-химиялық өнеркәсіптерді дамыту салаларының өзекті мәселелерін шешу;

41) тау-кен ғылымы саласында ҒЗЖ Институттары мен Қазақстан Республикасының өзге де ұйымдарының қызметтерін үйлестіру (координациялау); тау-кен бағытындағы Қазақстанның өнеркәсіп



кәсіпорындары мен салалық ғылыми-зерттеу және жобалау институттарымен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында кеңес беру;

42) жаңа техниканың эксперименталдық, тәжірибелік үлгілерін жасап шығару және оларды сынақтан өткізу; жаңа техниканың сериялы өндірісін ұйымдастыру;

43) өндірісті дайындау мен технологиялық қайта жабдықтауға жәрдем көрсету;

44) көпшілік тамақтандыруды, медициналық қызмет көрсету, Кәсіпорынның қызметкерлері мен олардың отбасыларының денсаулығын сауықтыру мен демалысын ұйымдастыру үшін демалыс базасын ұстау;

45) қалдықтар мен көмірсутекті шикізаттарды ұқсату жөніндегі цехтарды және электромеханикалық, радиотехникалық және механикалық құрастыру цехтары бар Технопаркті ұйымдастыру; жабдықтарды монтаждау мен жөндеу;

46) шығарылатын өнімдердің материалдық, энергетикалық және еңбек сыйымдылықтарын төмендетуді қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық мәселелерді шешу;

47) түсті металдар кендерін алу, оларды байыту мен металлургиялық өңдеу саласында зерттеулер жүргізу және үйлестіру;

48) кәсіпорындармен бірлесіп сәйкес өндірістерді дамытудың келешектік және ағымдық жоспарларын әзірлеу;

49) тау-кен-металлургия өндірісінде металдардың таралуы мен шикізат балансын жасау;

50) өндірістің техника-экономикалық деңгейінің және өнеркәсіптің шығаратын өніміне талдау жүргізу, отандық және шетелдік ғылыми-техникалық жетістіктер мен алдыңғы қатарлы тәжірибелерді зерделеп, оларды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

51) Қазақстан Республикасы мен ТМД елдерінің түсті металлургиясы үшін мемлекетаралық және мемлекеттік «Құрамның стандарттық үлгілерін» өндіру; тау-кен-металлургия кешендерінің кәсіпорындары үшін технологиялық регламенттер әзірлеу;

52) талдау әдістерін әзірлеу және жетілдіру, кәсіпорындардың талдаулық зертханаларына, олардың күйіне және оларды аттестациялауға әдістемелік көмек көрсету, арбитраждық және тексеру талдауларын орындау;

53) жобаның техника-экономикалық негіздемесі мен техникалық тапсырысын жасау, соның ішінде жаңа технологиялық үрдістерді және жабдықтарды әзірлеу;

54) өнеркәсіп өндірісінің қоршаған ортаға теріс әсерін жою жөнінде іс-шаралар әзірлеу және өндіріске ендіру;

55) өндіріс шығарылымдары, төгінділері мен қалдықтарына инвентаризация жүргізу, қалдық паспорттары мен экологиялық

паспорттарды, қоршаған ортаны қорғау жобаларын, шығарылым, тасталым және қалдықтарды орналастырудың рұқсат етілген нормативтерін жасау, қоршаған ортаға әсерді бағалау және экологиялық мониторинг, қоршаған ортаны қорғау саласында нормативтік-әдістемелік және нормативтік-техникалық құжаттарды әзірлеу, өндірістік шикізаттың, өнімдердің және қалдықтардың уыттылық санатын анықтау;

56) технологиялық өнімдерді әзірлеу және қайта қарау;

57) пайдалы қазбаларды қазып алу және өндіру бойынша кеңестік және ақпараттық-анықтамалық қызметтер, сондай-ақ жерасты құрылыстары мен конструкцияларының тұрақтылығы мен сенімділігін бағалау саласында ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету;

58) инновациялық жобаларды сараптау мен салалық ғылыми-техникалық бағдарламаларды жасауға қатысу, ТКМК тәжірибе-конструкторлық және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді ұйымдастыруға қатысу, ғылым жетістіктерін коммерциялау және тәжірибе-конструкторлық пен ғылыми-зерттеу жұмыстарына инвестиция тарту, экстейшн және трансферт технологиясы;

59) халықаралық тәжірибелерді жалпылау негізінде инновациялық технологиялар мен ҒЗТКЖ салаларының, соның ішінде Технологиялық форсайттың нәтижелері бойынша басым даму бағыттарын анықтауға қатысу (немесе анықтау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган үшін әзірлеме дайындау);

60) салалық ҒЗИ күшімен басым бағыттарын шешуге бағытталған салалық ірі инновациялық жобаларды (бағдарламаларды) ғылыми-техникалық сүйемелдеу және үйлестіру; өнеркәсіп пен ҒЗИ арасындағы өзара тиімді ғылыми-техникалық ынтымақтастықты ынталандыру механизімін жасау; отандық және шетелдік кәсіпорындар арасындағы ҒЗИ үйлестіретін және олардың қызметтері мен әзірлемелерін насихаттайтын ақпараттар тарату;

61) экономиканың дамуының басым бағыттары бойынша ҒЗЖ орындауда мемлекеттік тапсырыстарды қалыптастыруға уәкілетті мемлекеттік органдардың арықарай ықпал етуі мақсатында өнеркәсіптік салалары бойынша нақтылы ақпараттарды жинау, статистика мен талдау;

62) ғылыми-техникалық жобалар мен зерттеу тақырыптарын орындаушылар құрамы бойынша ұсыныстар енгізу, сондай-ақ ҒЗЖ нәтижелерін ары қарай өндіріске ендіру мақсатында тұтынушы (тапсырыс беруші) мен орындалатын зерттеулер іпенберінде олардың қызметтерін үйлестіру;

63) ҒЗТКЖ салалық бағдарламалар және олардың сараптамалық қорытындылары бойынша жұмыстың орындалу барысы туралы ақпаратты белгіленген мерзімде мемлекеттік уәкілетті органға жеткізіп отыру; қажет болған жағдайда ҒЗТКЖ салалық бағдарламаларға толықтырулар мен

өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды мемлекеттік уәкілетті органдардың қарауы үшін дайындау;

64) тәжірибе-конструкторлық жұмыстардың орындалуы: жаңа құралдар мен техниканы, жаңа технологиялық үрдістерді, техника мен аспаптарды тәжірибелік, тәжірибе-өндірістік, өндірістік сынақтардан өткізу; конструкторлық жұмыстар, тәжірибелік үлгілерді жасау және сынау; технологиялық жобалау, инновациялық жобаларды әзірлеу, технико-экономикалық негіздемелер мен жобалық-сметалық құжаттамаларды, жаңа өндірістік бизнес-жоспарларын әзірлеу;

65) тау-кен өндіру және металлургия өндірісінің өнімдеріне сапалық бақылау жасау үшін стандарттық үлгілерді (мемлекеттік, мемлекетаралық, аймақтық, кәсіпорындық) әзірлеу және дайындау;

66) қоршаған орта нысандары, металөнімдері, техногенді және минералды шикізатты аттестациялық, бақылау, сертификациялау және арбитражды талдауларды орындау;

67) қаржы тарту жағдайына байланысты даму институттарымен өзара ықпал;

68) Кәсіпорынның жас мамандары мен ғалымдарына, докторанттар мен магистрлерін жатақханамен, баспанамен қамтамасыз ету;

69) бейкондиционды шикізат қорына баға беру және оның кешенді қайта өңдеу технологиясын әзірлеу;

70) қолдану және өндіріс қалдықтарының қауіптілік сыныбына анықтама жүргізу;

71) өнеркәсіптік кәсіпорындарға мониторингтер әзірлеу және жүргізу, қоршаған ортаны қорғау нысандарының жағдайларына бақылау жүргізу үшін биотестілеу әдістерін ендіру және жетілдіру;

72) иондауны сәуле шығару көздерімен айналысатын және тасымалдауға байланысты жұмыстар мен Қазақстан Республикасы территориясында радиоэкологиялық жағдайға баға беру;

73) ауа, топырақ және су жағдайына бақылау жүргізетін аспаптары мен талдаудың әдістерін стандарттау және метрологиялық аттестациялауды жүзеге асыру;

74) «Сұрақ-жауап» қызметі бойынша БҰҰ-ның (ЮНЕП) бағдарламасының потенциалды-уытты химиялық заттардың Халықаралық Регистрі базасында потенциалды-уытты химиялық заттардың сипаттамасын іздестіру жұмыстарын жүзеге асыру;

75) меншік формасына қарамастан (техникалық және экологиялық жағдайына баға беру үшін) Республиканың өнеркәсіп салаларының қолданыстағы барлық шлам- және қалдық сақтағыштарына зерттеу бойынша, қорытындылар бере отырып, жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыру;

76) шаңдалған беттерді бекіту және қопсыту әдістерін әзірлеу және ендіру;

77) Қазақстан Республикасының минералдық-шикізаттық базасын жүйелік талдау, зерттеу және болжамдау;

78) ҚР аймақтарының геодинамикалық күйін зерттеу және аудандастыру;

79) пайдалы қазбалар кен орындары мен кен кездесулерін кешенді геология-физикалық зерттеу;

80) минералды ресурстарды өндіру кезінде пайдалы қазбалардың жоғалуын бағалау;

81) минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу принципі негізінде пайдалы қазбаларды өндіру технологияларын жасау;

82) озат шетел технологиялары мен халықаралық салалық стандарттарды зерттеу, таңдау, бейімдеу және түпкі трансфер;

83) минералдық шикізаттарды кешенді қайта өңдеудің экономикалық үрдісін зерттеу және әзірлеу және пайдалы қазбаларды өндіру тиімділігін арттыру;

84) ҚР-ның техногенді кен орындарын зерттеу, жүйелеу және бағалау;

85) ҚР ТКМК ісінің қалдықтары мен зардаптарын қайта қопсыту;

86) қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мониторингті қамтамасыз ету;

87) инженерлік және жер астындағы ғимараттардың пайдалануын жобалау, құрылысын салу және мониторинг;

88) бұрғылау-жарылыс технологиялары мен жұмыстарын жасау және бағалау;

89) жер қойнауын пайдалану жобаларын инвестициялау және қаржыландырудың қаржылық механизмдерін жасау;

90) инженерлік-геологиялық, инженерлік - геодинамикалық, тау-кен-техникалық, гидрогеологиялық және жер табиғатын зерттеу есептері, техникалық мелиорацияның есептері, аймақтық және инженерлік геологияны кешенді жүргізу;

91) жер асты гидросферасын зерттеу, тұщы және минералды жер асты суларын іздестіру және барлау, сонымен бірге тау жыныстарының техникалық мелиорациясының мәселелерін шешу;

92) петрофизикалық зерттеулер және ҚР-сын аудандастыру;

93) жыныстарды бұзатын аспаптарды жасау;

94) минералдық шикізатты кешенді қолданудың технологиялары мен әдістері;

95) ҚР-ның ТКМК-да еңбекті қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ТКМК-да жұмыс қауіпсіздігін бақылау;

96) табиғи және жасанды геоморфологиялық қалыптасулардың беріктігін зерттеу;

97) минералдық ресурстар кен орындары мен қорларын, өнеркәсіптік қазбалау кезінде минералдық шикізатты қайта өңдеудің кешенділігін бағалау;

98) пайдалы қазба кен орындарын өнеркәсіптік игеруге даярлау, ТЭН жобалау және әзірлеу, тау-кен-геологиялық ізденістері мен жұмыстарын ұйымдастыру;

99) пайдалы қазбаларды өндіру үрдісіне мониторинг;

100) экология, петрофизика және минералдық шикізатты зерттеу салаларындағы қызметтер.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

#### 4. Кәсіпорынды басқару

18. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығы субъектісінің құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осы қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің мақсатты және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімісіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтін ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар мен өкілдіктер құруға, сондай-ақ дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорындардың жұмыс істеуі мен оларды басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорындар қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстарының (көрсететіп қызметтерінің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорындардың даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын берген немесе ол өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісін береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;

9) Кәсіпорынның таза табыстың бір бөлігін республикалық бюджетке толық және уақытылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;

10) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады;

11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

12) Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

13) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша Кәсіпорын филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауға және қызметтен босатуға келісім береді;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жататын басқа да мәселелерді шешеді.

20. Кәсіпорынның бас директоры оның органы болып табылады.

21. Бас директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 18 қарашадағы № 1353 қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның бас директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын бас директорының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның бас директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

24. Кәсіпорынның бас директоры Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

25. Бас директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Бас директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, котермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның

қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына (жергілікті атқарушы органға) кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 5. Кәсіпорынның мүлкі

27. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

28. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

29. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

30. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

31. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

32. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу



құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

34. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

35. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 35, 36-тармақтарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

36. Осы Жарғының 34-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Заңды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

- шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;
- артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мүлікті алып қою жатқызылады.

37. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

38. Кәсіпорын мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мыналарға:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;
- 4) қарыздар беруге құқылы.

39. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

40. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен немесе меншік иесімен мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органмен өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 38 және 39-тармақтарында көрсетілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

## **6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

41. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

42. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

43. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

44. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

45. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

46. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 2 231 166 087 (екі миллиард екі жүз отыз бір миллион жүз алпыс алты мың сексен жеті) теңге құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

## **8. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

47. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық

стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның бас директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

48. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

### **9. Кәсіпорынның жауапкершілігі**

49. Шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді.

### **10. Еңбек ұжымымен өзара қатынас**

50. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

51. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

### **11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу**

52. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

53. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

54. Кәсіпорын бас директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

### **12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

55. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, республикалық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды

мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

57. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

### 13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

58. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Бас директор

Ә.А.Жәрменов



ҚОЛЫ

УТВЕРЖДЕН  
приказом Председателя  
Комитета государственного  
имущества и приватизации  
Министерства финансов  
Республики Казахстан  
от «29» июне 2012 года  
№ 625



**УСТАВ**  
**Республиканского государственного предприятия на праве  
хозяйственного ведения «Национальный центр по комплексной  
переработке минерального сырья Республики Казахстан»  
Комитета промышленности Министерства индустрии и новых  
технологий Республики Казахстан**

г. Алматы – 2012 год

## Общие положения

1. Республиканское государственное предприятие «Национальный центр по комплексной переработке минерального сырья Республики Казахстан» (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан № 760 от 15 июня 1999 года «О реорганизации ряда организаций, подведомственных Министерству науки и высшего образования Республики Казахстан».

